

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРІНЕН  
БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті



www.psu.kz

# БІЛІК

№ 10 (144)

11 қыркүйек, ұлу жылы 2012

ҒАЛЫМ ОЙЫ



**Бақытжан  
Жұмағұлов,  
ҚР Білім және  
ғылым министрі**

## Алдымызға қойған міндет көп

Ұлт ертеңін тәрбиелеуші ұстаздар қауымын, білім іздеуші студенттер тобын, мектепке арманын ұштап, болашаққа нық сеніммен қарайтын оқушыларды, мектепке енді қадам басқан бүлдіршіндерді, «әліппеге» енді зейін қоятын барша сәбилерді білім күнімен шын жүректен құттықтаймын! Білімді жұртқа, бәсекеге қабілетті ұлтқа айналу үшін ерінбей ізденейік!

Алдымызға қойған міндет көп. Осы міндетті орындау үшін, өз мақсаттарымызды жақсы білеміз. Әлем өзгеруде ХХІ ғасыр бізден көп жаңалықтар талап етіп отыр. Біз оларды сезініп қана қоймай, басып озуымыз қажет.

## Дорогие учащиеся и студенты! Уважаемые педагоги и родители!

Поздравляю вас с Днем знаний – началом нового учебного года!

Для каждого из нас Первое сентября – это символ новых начинаний и стремлений, творческого взлета, открывающихся перспектив и возможностей.

Для тех, кто впервые переступит школьный порог – это самый волнующий и запоминающийся день. Пусть он станет для них не только ярким воспоминанием, но и удачным стартом в большую жизнь, а каждый день в школе будет наполнен интересными уроками, новыми встречами и удивительными открытиями.

Для многих тысяч школьников и студентов, учителей и преподавателей нынешний учебный год пройдет под знаком инновационных идей.

В своей программной статье, посвященной идее формирования Общества Всеобщего Труда, Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев выдвинул ряд важных поручений, которые продвигают нашу систему образования к мировым стандартам.

Это еще раз показывает огромное внимание, которое Лидер Нации уделяет решению социальных вопросов, сфере образования, учителям и молодежи.

Дорогие друзья, пусть новый учебный год подарит вам массу новых знаний и ярких открытий.

Счастья вам, успехов, творчества и профессионального роста.

Учитесь и работайте с огромным желанием, удовольствием и радостью! И это принесет вам хорошие результаты!



**БІЛІМ САПАСЫ-  
ӨМІР САПАСЫ**

**К НОВЫМ ВЕРШИНАМ  
ЗНАНИЙ**



**МЕН ПМУ-ДЫ  
ТАҢДАДЫМ**

**ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ  
ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАШАН  
БАСТАЛАДЫ?**





# БІЛІМ САПАСЫ - ӨМІР САПАСЫ



**ЕЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА АРНАҒАН «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒҒЫРТЫЛУЫ: ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА ҚАРАЙ 20 ҚАДАМ» АТТЫ МАҚАЛАСЫ ҚОҒАМДА ҚЫЗУ ТАЛҚЫЛАНУДА. ЕЛБАСЫМЫЗ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕ БІЛІМ – ҒЫЛЫМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫНА КЕҢІНЕН ТОҚТАЛДЫ.**

Алқалы жиында мемлекет басшысы елді өрге сүйрейтін нақты тапсырмалар жүктеді. Соның бір парасы білім-ғылым саласына қатысты. Олай болса, Тұңғыш Президент – Елбасы Н. Назарбаев білім-ғылым саласын жетілдіруге байланысты тапсырмаларына тоқталсақ.

Нұрсұлтан Назарбаев кеңесте Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловқа бірқатар орындалуы тиіс шаралар жүктеді.

## 6-ШЫ ТАПСЫРМА

ҚР Үкіметі 2013 жылдың 1 шілдесіне дейін:

2020 жылға дейінгі біліктіліктің ұлттық жүйесін кезең – кезеңімен әзірлеу Жоспарын дайындап, қабылдасын;  
ЖОО-лар мен колледждер түлектері

үшін біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды белсендірек жүргізісін.

Демек, тапсырма көзделгеніне жетсе, жас мамандардың біліктілік деңгейі арта түседі. Әрбір жас маман иесі мамандығын шыңдау арқылы өз болашағын қалыптастыра алады және ел экономикасына пайдалы үлес қосады.

## 12-ШІ ТАПСЫРМА

1. ҚР Үкіметі ЖОО-лардың санын оңтайландыру және кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз етпейтін білім беру мекемелерінің лицензияларын қайтарып алу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Білім және ғылым

министрлігімен бірлесе отырып, 2014 жылдан бастап еңбек нарығын дамытудың бес жылдық болжауларын талдап-жасауды қамтамасыз етсін.

Бүгінгі жастар болашағымыздың іргесі екенін ескерсек, білім беру жүйесін жаңғырту, жаңарту өте маңызды іс. ЖОО-лардың санын қысқартумен ғана емес, білім сапасын арттыру негізінде сапалы маман дайындау көзделген.

Білім беру жүйесінің басқару корпусының сапасын арттыру, білім беру мекемелерінде мемлекеттік білім беру үлгі-қалыптарын бақылауды жолға қою, қазақстандық еңбек нарығын Бесжылдық Жалпыұлттық Болжауды талдап, тәжірибеге енгізу, жаппай мамандар жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін қолданбалы біліктілік орталықтарын құру осы тапсырма аясында кең талқыланды.

## 13-ШІ ТАПСЫРМА

ҚР Білім және ғылым министрлігі: – 2013-2014 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде білім берудің интерактивті түрлерін пайдалануды кеңейтуді және онлайн-оқытудың арнаулы оқу бағдарламаларын енгізуді көзденсің;

Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу

орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырсын;

Орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында «Ақмеология, жеке және әлеуметтік табыс негіздері», «Қазақстан құқығы», «Өлкетану» сияқты міндетті оқу курстарын енгізу жөнінде ұсыныс жасасын.

Сұранысқа сай жастардың өз тілінде яғни, интернет арқылы білім беру, білім аясын кеңіту мақсатында олимпиадалар, оқу турнирлері мен жарыстарды ұйымдастыруға Елбасы баса назар аударды. «Болашақ» бағдарламасына елдің барлық өңірлерінен, әсіресе, ауылдық жерлерден талантты жастардың да қол жетімді болуын сөзге тиек етті. Демек, ауылдық мектептерде де білім деңгейін арттырып, ауыл жастарының сапалы білім алуына жол ашылар деп сенеміз.

Жас қазақстандықтардың дербес өмірге бейім, еңбекқор, отансүйер азамат болып қалыптасуына мемлекет тарапынан жол ашық. Енді әркім өмірінде өзіне білім мен еңбекті жолсерік етсе.

«Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәріне бірден ие болу мүмкін емес». Н. Назарбаев

Жанар ЕЛЕШОВА

# БІЛІМ

Білім (лат. scientia, ағылш. knowledge, араб. علم) – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының деректері мен пайымдалуларының, т.б. жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылым және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста, әрі солар арқылы анықталады. Білім философия мен рационалды білім пайда болғаннан көп бұрын дүниеге келген.

# Білімділік

Білімділік - тәжірибені меңгерген дамыған тұлғаның сапасы, бұл арқылы ол қоршаған ортада бейімделуге, оны қорғау мен байытуға, ол туралы жаңа білім алуға және бұл арқылы өзін жетілдіруге қабілетті болады. Білімділік өлшемі білімдер жүйелілігі мен ойлау жүйелілігі болып табылады. Бұл адамның өздігінен логикалық пайымдау арқылы білімдер жүйесіндегі жетіспеген түйіндерді қайта қалпына келтіре алатыны да байқалады. «Білім дегеніміз - жатталған нәрсенің есте ұзақ сақталуы» (ежелгі нақыл сөз).

# Қарапайым білім

Қарапайым білім - күнделікті өмірде кәдімгі мінезді қалыптастыратын білім. Шюцтің айтуынша, ол телефон қолдану немесе амандасу сияқты жай әрекеттерді орындау рецептіне ұқсастығы бар әлеуметтену арқылы қабылданған бірнеше үлкен ұғымдардан тұрады. Этнометодология бұл ілімнің әлеуметтік әрекеттерде қалай қолданылатындығына қатысты тәжірибелік ойлауды қарастырады.

# Глобалды білім

Глобалды білім - оқушылардың түсінігін әлемді біртұтас етіп қалыптастыру. Білім тұжырымдамасы, оқушы-лардың ұғына білуіне бағытталған. Яғни, жер бүкіл жер шары тұрғындарна ортақ үй болып келеді. Барлық адамдар - бір жанұя және әр адам өмірді құруға белсене қатысуға қабілеті бар, коммуникация ұштасу, түсіну, мейір, ынтымақтастық, қызметестік глобалды білімнің ең басты түсінігі болып келеді.

# НОВЫЙ УЧЕБНЫЙ ГОД – СТАРТ К НОВЫМ ВЕРШИНАМ ЗНАНИЙ

**Интервью ректора Павлодарского государственного университета имени С.Торайғырова, д.э.н., профессора Серика Мауленовича Омирбаева.**

**- Серик Мауленович, насколько Вы довольны набором абитуриентов в ПГУ им.С.Торайғырова на 2012-2013 учебный год?**

- Естественно, объявление результатов приема для любого вуза – волнительный и очень ответственный момент, поскольку это – итог работы, которую проводит коллектив университета в течение всего года: это профориентационная работа среди абитуриентов, это выезды и командировки наших преподавателей по городским и районным школам, это проведение соответствующих бесед со старшеклассниками и разъяснение им того, какие перспективы их ожидают. Естественно, всегда хочется получить хороший результат.

В нынешнем году у нас хороший прием абитуриентов: на первый курс университета зачислено 1718 студентов. Этот показатель – одиннадцатый в республике среди 148 вузов.

Качественный состав поступивших к нам абитуриентов тоже довольно высок: средний балл выше, чем в прошлом году. Из 1718 студентов, зачисленных на первый курс 730 – это обладатели образовательных грантов, которые имеют более высокие баллы по результатам ЕНТ или комплексного тестирования. Кроме того, среди поступивших в наш университет – 8 победителей предметных олимпиад и 5 обладателей знака «Алтын белгі». Я очень рад тому, что эти одаренные дети поступили именно к нам, в ПГУ. Не каждый университет может похвастаться тем, что в его стенах обучаются обладатели знака «Алтын белгі».

**- Что ждет первокурсников в стенах Павлодарского государственного университета имени С.Торайғырова?**

- Для первокурсников наш университет открывает большие возможности. Во-первых, обучение в ПГУ – это залог хорошей карьеры. Студенты получают тот фундамент, который позволит им в будущем быть успешными в жизни. Дело в том, что 60% поступивших в наш университет – это представители технических специальностей. Это те профессии, которые востребованы в условиях индустриально-инновационного развития страны, особенно они востребованы в нашем регионе.

Во-вторых, это, конечно же, те академические знания, которые студенты будут получать в стенах нашего вуза, это те тренды, которые характерны для системы высшей школы Казахстана, которые реализуются в контексте европейского образовательного пространства.

Один из таких базовых трендов – академическая мобильность. Студенты нашего университета имеют реальную возможность выехать в любой другой зарубежный вуз в рамках академической мобильности и проучиться там целый семестр. Для студента это прекрасная возможность узнать мир. Наш вуз ежегодно отправляет более 30 студентов в дальнее зарубежье и более 40 студентов ПГУ выезжают в национальные вузы Казахстана.

Другой тренд нашего университета – полиязычие. В этом году мы за-



пустили новый проект полиязычного образования. Он будет осуществляться по четырем образовательным программам. Кроме того, если студент ПГУ свободно владеет английским языком, он может записаться в спецгруппу и прослушать курс лекций на английском языке. Причем эти лекции будут читать не только наши, но и зарубежные ученые, поскольку Министерство образования и науки Республики Казахстан ежегодно выделяет ведущим университетам страны большие средства для привлечения зарубежных лекторов. Так, в прошлом учебном году в стенах нашего университета побывал лауреат Нобелевской премии по экономике Роберт Манделл – он прочел лекции для наших докторантов, магистрантов и преподавателей. Прослушать лекции ведущих мировых ученых – уникальная возможность для тех студентов ПГУ им.С.Торайғырова, которые в совершенстве знают иностранный язык.

Внедрение дуальной системы обучения – это новый проект ПГУ. Особенно данная система подходит для технических специальностей. При дуальном обучении первую половину дня студенты обучаются в стенах университета, а другую половину учебного времени они проводят уже непосредственно на предприятии, где получают практические навыки. Естественно, студент, проучившийся по программе дуального образования, получает большие возможности для профессионального роста,

поскольку он уже владеет всеми основными практическими навыками.

**- Расскажите об открываемся при ПГУ факультете «Foundation».**

- Факультет «Foundation» – это новый проект, который мы запустили в нынешнем году. Это подготовительное отделение, мы открыли его специально для той категории выпускников школ и колледжей, которые на комплексном тестировании не набрали пороговый уровень, с тем, чтобы поддержать их и дать им возможность подготовиться к поступлению в следующем году в ПГУ им.С.Торайғырова. Факультет «Foundation» открывается у нас 1 октября, слушатели факультета будут учиться в течение десяти месяцев. Они будут изучать не только дисциплины комплексного тестирования. В учебном плане факультета – углубленное изучение английского языка, т.е. подготовка к полиязычному образованию. Также слушатели факультета «Foundation» будут изучать наряду с первокурсниками общеобразовательные дисциплины с возможностью дальнейшего их перезачета. Практика показывает, что 99% слушателей подготовитель-

ных отделений в дальнейшем поступают в вузы. Стратегия деятельности факультета «Foundation» направлена именно на то, чтобы его слушатели стали в дальнейшем студентами ПГУ им.С.Торайғырова.

**- Серик Мауленович, каков процент трудоустройства студентов ПГУ?**

- Безусловно, для каждого вуза отслеживание карьерного роста своих выпускников является обязательным моментом. Кроме того, процент трудоустройства выпускников – один из основных показателей при аккредитации той или иной специальности. В нашем университете уровень трудоустройства выпускников составляет более 74 процентов. По Казахста-

ну это довольно высокий показатель.

Кроме того, мы обязательно отслеживаем дальнейший карьерный рост нашего выпускника. В частности, в нынешнем году мы специально для этого создали Ассоциацию выпускников ПГУ им.С.Торайғырова. Данная ассоциация будет проводить постоянный мониторинг карьерного роста выпускников ПГУ.

Вопросом трудоустройства выпускников у нас занимается отдел практик и трудоустройства, которым разработан целый комплекс мероприя-

**Безусловно, для каждого вуза отслеживание карьерного роста своих выпускников является обязательным моментом. Кроме того, процент трудоустройства выпускников – один из основных показателей при аккредитации той или иной специальности. В ПГУ им.С.Торайғырова уровень трудоустройства выпускников составляет более 74 процентов. По Казахстану это – высокий показатель.**

тий. В частности, ежегодно мы проводим Дни открытых дверей, ярмарки выпускников, куда приглашаются руководители и представители крупнейших предприятий не только нашего региона, но и Казахстана в целом. Благодаря таким мероприятиям, мы имеем возможность трудоустроить до 70 % своих выпускников.

**- В сентябре в Павлодаре пройдет знаменательное событие – IX Форум межрегионального сотрудничества Казахстана и России с участием Глав государств. Как ПГУ им.С.Торайғырова готовится к этому мероприятию?**

- Форум приграничного сотрудничества Казахстана и России посвящен вопросам усиления сотрудничества между нашими странами. В рамках этого форума 18 сентября в Павлодаре пройдет Бизнес-Форум. В его проведении задействован и наш университет. В ПГУ будут организованы диалоговые площадки Бизнес-Форума: будут действовать секции, посвященные вопросам Таможенного союза, усиления сотрудничества между предприятиями и предпринимателями двух стран. Отдельно будет рассматриваться финансовый сектор. Кроме того будет функционировать отдельная секция по совместным подходам к развитию инноваций, поскольку как Казахстан, так и Россия ориентированы на сегодняшний момент на инновационное развитие. В рамках Бизнес-Форума будет организована выставка инновационных проектов наших ученых: 6 самостоятельных инновационных разработок казахстанских ученых и 6 инновационных проектов, которые наши исследователи реализуют совместно с учеными российских вузов. В основном эти инновационные проекты разработаны в области электроэнергетики и энергосбережения, биотехнологий, нанотехнологий и строительства.

**- Пользуясь случаем, я хочу поздравить всех своих коллег с началом нового учебного года. Желаю им в новом учебном году крепкого здоровья, плодотворной работы, новых открытий и профессионального роста!**

**- Спасибо за интервью!**

записал Дмитрий ЛАРИОНОВ



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ - БІЛІМДІ ЖАСТАРДА



**2012 жылдың 5 қыркүйегі Қазақстан білім-ғылым, инновациялық өмірінде тарихи күн ретінде тіркелді. Олай дейтініміз, Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаев білім теңізінде желкенін кере бастаған балғындарға, ғылым атты сыры мол әлемге ден қойған жастарға интерактивті дәрісін оқыды.**

«Қадірлі Ел жастары!» деп бастаған Елбасы: «Білім жолындағы жас қырандар! Оқытушылар мен студенттер!

Сіздермен кездесіп, ой бөлісетін дәстүрлі дәріс мен үшін үлкен қуаныш!

Жаңа оқу жылы құтты болсын, берекелі, табысы мен жеңісі мол жыл болсын!

Ықылым замандардан қалған «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз бар.

Қазақтың бұл мақалының өзектілігі бүгінгі таңда тіптен айрықша.

Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді.

Сол білімді өжетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады.

Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз – өмір тұл.

Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны», – деп бүгінгі күннің басты талабы білімде екенін баяндады.

Елбасы өз сөзінде «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз», – деді. Біздің қоғам индустрияландыру арқылы жаңа бағытқа бет алып келеді. Индустрияландыру өз кезегінде инновациялық жобаларға мұқтаж. Инновациялы – индустриялық жетістіктер тек білім мен ғылымды меңгеруді талап етеді. Бұл заңды да.

Мемлекет Басшысы аталмыш дәрісінде қайталап тағы айтты: «Біздің еңбексүйгіштігіміз біздің екінші құнды жеңісіміз болып табылады». Демек, еңбексүйгіштік қашанда қазақстандықтар үшін басты әрі бізді басқа мемлекеттерден ерекшелеп тұратын қасиетке балануы қажет деп топшылауға болады.

Интерактивті дәріс барысында Елбасы «Білім» теле-

арнасын іске қосып, жастарға мазмұнды да тағлымды дәрісінде: «Қазақтар қаншама жаугершілік заманды көрді. Ғасырлар бойы отарда болдық. Ата-бабамыздың басынан ешкім силаған жоқ. Енді біз сол жандардың арманын орындап, аруақ қолдап тәуелсіздік алдық. Менің замандастарым осы мемлекеттің іргесін қалап, дамытты. Ал, елді одан әрі дамыту тек қана білімді, дарынды жастардың қолында», – деп жастарға үлкен сенім артты.

Сонымен қоса, білектің емес, білімнің, біліктің, ғылымның күшімен әлемді бағындыратын заманның келгенін айтқан Елбасы жастарды еңбекқор болуға, үздіксіз білімін шыңдауға шақырды. Сонымен қатар, интернеттің алдында көп уақыт өткізе бермей кітап оқу керектігін атап: «Кітап оқыған адам болашақта интернетте отыратын адамның үстінен басқаратын болады», – деген Президент жастарға үлгі ретінде корей халқынан атап көрсетті. «Бүгінгі таңда Оңтүстік Кореядағы жұмыс уақыты – тәулігіне он сағат. Осындай еңбекқорлығының арқасында көрістер Азияның алдыңғы қатарлы еліне айналып отыр», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Н.Назарбаев: «Елімізде бос жұмыс орындары көп. Алайда, білікті мамандар жеткіліксіз. Wall Street-те жұмыс істейтін кейбір американдықтар Калифорниядан келіп кетеді жұмысқа. Біздегілер болса жылы орнынан жылжығысы келмейді. Бүгінгі жастар осындай тәртіпке үйренуі керек», – деді студенттерге оқып жатқан интерактивті дәріс кезінде.

Елбасы сондай-ақ, жастардың осылайша мобильді түрде жұмыс істеуі үшін Қазақстанда жағдайдың жасалып жатқандығын атап өтті. «Кез-келген қалаға барып тұрғын-үй бағдарламасы бойынша арендалық баспана алуға болады. Ауылға кетемін деушілерге де тиісті бағдарламалар бар. Қазір жұмыс таңдайтын заман емес», – деді Елбасы.

Елбасы интерактивті дәрісін барысында Республиканың түрлі аймақтарынан білім және ғылым саласының 13 нысанынан қосылған алуан түрлі сұрақтарға жауап берді.

**Түйін. Елбасы Н.Назарбаев интерактивті дәрісінде жастарды біріншіден, еңбекқорлыққа, екіншіден, үздіксіз білім іздеуге, үшіншіден, толерантты, шыдамды болуға шақырды. Міне, осы үш негіз – жастарды жағандық бәсекелестікке қабілетті болуының негізгі тірегі екенін сөз етті Елбасы.**

Г.М.Муканов, кандидат физико-математических наук, профессор

### МОДЕРНИЗАЦИЯ В ОПОРЕ НА ТРАДИЦИИ


Мы с огромным вниманием прослушали лекцию Н.А.Назарбаева «Казахстан на пути к обществу знаний».

Отрадно, что эта лекция была прочитана Главой страны в «Назарбаев Университете», который по праву считается флагманом инновационной модернизации Казахстана.

За свою двадцатилетнюю историю система образования и науки Республики Казахстан преодолела основные этапы своего развития, теперь в нашей стране формируется новое общество знаний, основанное на инновационном образовательном пространстве.

Глубокое понимание процессов, происходящих в ходе модернизации образовательной и научной сферы, постоянная поддержка и забота о педагогах и учащих страны свидетельствует о мудрости, высокой гражданственности и патриотизме нашего Президента, поскольку во все времена залогом качественного развития страны являлось развитие науки и образования.

Для нас, ветеранов образования Павлодарского госуниверситета, очень важно, что модернизация и развитие образовательной системы страны проходит в планомерном режиме и совершается под знаком преумножения опыта предыдущих поколений ученых и педагогов, с опорой на все их знаковые достижения.



Қ.Қ. Батталов, тарих ғылымдарының кандидаты

### БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты лекциясынан мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім берудің жаңа деңгейін, жоғары мектептің болашақ бағдарын жиегіне жеткізе өрбітті. Былайша айтқанда, Елбасының білім, ғылым саласына арналған стратегиялық бағдарламаларын бір қорытатын, нәтижені бағамдап, келешекке айқын жоспарлар белгілейтін келелі лекция ретінде бағалаймын.

Біріншіден, лекция барысында жас ұрпаққа өнегелі тәрбие береміз десек, ең алдымен әрбір бүлдіршіндерді балабақшамен қамтылуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Сөйтіп, балғындардың бәрі мектепке жан-жақты дайындықпен баруы қажет. Сапалы білімнің қайнары балабақшада екенін ұмытпауды шегелеп ескертті. Осылайша, Елбасы балаларды балабақшамен қамту мақсатында стратегиялық құжат әзірлегендігін атап айтты. Сөйтіп, 2015 жылы тұрғындардың қажеттілігіне байланысты балалардың 74%, ал 2020 жылы 100% мектепке дейінгі білім берумен қамтамасыз ету көзделгенін атап айтты.

Екіншіден, орта білім саласында заман талабына жауап беретін бағдарлама бойынша білім беру жалғасын таппақ. Неге дейсіз бе? Елбасының лекциясы барысында оны айқын аңғардым. Мәселен, болашақта «электронды оқыту» бағдарламасы жолға қойылғаны қуантты. Себебі, ғаламтор басты тұтыну құралына айналған нарықтық заманда электронды оқыту үрдісін дамыту уақыт талабы.

Үшіншіден, лекциядан уақыт, заман талабына сай кәсіптік білім беруді дамыту жолға қойылғанын ұғындық. Мәселен, заманауи талаптарға сай өңіраралық кәсіптік оқыту орталықтары мен әлемдік деңгейдегі колледждер салынып, қалыптасып жатқанын білдік. Мұны, жағандық бәсекелестікке қабілетті жастарды дайындаудың қамы деп түсіндік.

Міне, Елбасы лекциясы бойынша негізгі білім саласында үш басымдылықты осылай түсіндім.



Д.Б.Өрісбаева, магистрант



### БҮГІНГІ ҚАБІЛЕТТІ СТУДЕНТ – ЕРТЕҢГІ БІЛІКТІ МАМАН

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісінен мемлекет тарапынан білім саласында жасалып отырған оң өзгерістер шынайы өмір қажеттілігінен туындап отырғаны, және білім жүйесін дамыту мақсатында жасалып отырғанын байқауға болады. Әсіресе, ЖОО – ғы келелі өзгерістер жақын арада өз жемістерін береді деген сенімім бар. Елбасы өз сөзінде: «Елге сапалы білім беретін жоғары оқу орындары ғана қажет. Білім алып жатқан студенттердің қабілеттілігі өте жоғары болуы керек. Ендігі бұл үрдіс жолда», – деді.

Яғни, Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы білім жүйесін дамыту өз кезегінде оқытушылардың біліктілігін арттырып, студенттердің ізденіс жолындағы ынталығын асыра түседі деген сөз. Оның жемісі – біздің оқу үрдісі халықаралық деңгейге көтеріліп, нарықта қабілетті, білікті маман дайындау болып табылады.

Әсіресе, біздің жұмыс берушілер болашақ маман иелерінің сұранысқа ие мамандануынан бастап біліктілігін арттыруға дейінгі жолда атсалысуы қажет деген Елбасы сөзі қоғам өмірінде нақ орын алса деген ниетім бар.

# МЕН ПМУ-ды ТАҢДАДЫМ

**С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ 8000 СТУДЕНТ БІЛІМ АЛУДА. ОНЫҢ 1700 СТУДЕНТІ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫН ЕНДІ ҒАНА АТТАҒАН 1-ШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ. 372-СІ МЕМЛЕКЕТ ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ.**

**ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ТҮСУ ЖАҒЫНАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ 148 ЖОО ҚАТАРЫНАН 11 ОРИНДЫ ИЕЛЕНІП ТҮР. ПМУ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨП ПРОФИЛЬДІ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ АРАСЫНДА ҮЗДІК БЕСТІК ҚАТАРЫНДА.**

**БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ СТУДЕНТІ АТАНҒАН ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ПМУ-ДІ НЕЛІКТЕН ТАҢДАҒАНЫН БІЛГЕН ЕДІК.**

**Алина РАМАЗАНОВА,**  
география мамандығы бойынша 1-ші курс студенті:

### МЕМЛЕКЕТТІК ДИПЛОМ – БОЛАШАҒЫМНЫҢ КЕПІЛІ

Біздің университет мен білетін университеттер ішіндегі болашағы бар ЖОО қатарында деп білемін. Оның үстіне, ең маңыздысы бұл университет мемлекеттік оқу орны. Яғни, соған сай дипломым да мемлекеттік болады деген сөз. Мемлекеттік үлгідегі диплом менің болашағымның кепілі. Мен 9-шы сыныптан бері С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті атануды мақсат етіп келдім. Және сол мақсатым үшін аянбай оқып, дегеніме жеттім. ПМУ барлық ЖОО арасындағы жаныма жақыны.

**Айгүл АЛЕЕВА,** энергетика мамандығы бойынша 1-ші курс студенті:

### БІЛІКТІ ҰСТАЗ – УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ

Павлодар қаласы бойынша барлық ЖОО ішінде С.Торайғыров атындағы ПМУ ең үздігі. Мен мектеп қабырғасында оқып жүргенде осы университетке оқуға түсуді армандағанмын. Менің естуімше, университет ұстаздары мен оқытушылары жоғары білікті, жан-жақты білімді маман иелері. Бұл жағы да мен үшін өте маңызды. Себебі мен білікті маман, қоғамға қажетті кадр болғым келеді. ПМУ-ді келешегіме кепіл береді деген сеніммен таңдадым.

**Айдос ҚАЙРАҚАН,** мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша 1-ші курс студенті:

### ПМУ БІЛІКТІ МАМАН БОЛУЫМА СЕБЕПШІ БОЛАДЫ

Мен С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетін таңдаған себебім, бұл өңіріміздің белгілі мамандарын даярлайтын мемлекеттік мекемелердің бірі. Соның ішінде, қаржы факультетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығын таңдадым. Себебі, елімізді алдыңғы 50 елдің қатарына қосу мемлекеттік реттеу мен басқарудан бастау алатынын түсінемін. Өмірде өз мамандығымды таңдауыма «Басқару – қоғамның кілті» деген сөз әсер етті. Универси-

тет ректоры, профессорлар мен оқытушылар құрамы бізді қуана қарсы алды.

Студенттердің ғылыми жұмыстармен айналысуы, тәрбиелік мәдени іс-шаралардың өтуі, пәндер аралық олимпиадалар, мерекелік кештер сияқты шаралар мені өте қызықтырады. С.Торайғыров атындағы ПМУ менің терең білім алып, жоғары білікті маман атануыма, елімнің өркендеуіне үлес қосуыма бірден-бір себепші болады деп сенемін. Алда алатын асуым бар, бағындыратын биік шыңым бар.

**Карина ДЖАРЫЛГАСИНОВА,** студентка 1 курса, специальность «русская филология»:

### В ПГУ – ЗА УСПЕХАМИ!

Очень рада тому, что теперь являюсь студенткой Павлодарского государственного университета имени С.Торайғырова. Хотя живу в Акмолинской области, в городе Ерейментау, еще в 9 классе решила, что поступлю именно сюда, на гуманитарно-педагогический факультет. Вдохновила меня на это учительница русского языка и литературы в моей школе. Многие отговаривали, убеждали, что я должна учиться поближе к дому, но я выбрала именно ПГУ.

Отдала предпочтение ПГУ потому, что мне очень нравятся преподаватели вуза, их профессионализм, внимание, в целом нравятся коллектив университета – он большой и дружный. Со многими преподавателями своей кафедры я уже знакома.

Хотя до гранта мне не хватило всего двух баллов – не собираюсь унывать. Буду учиться на «отлично» и хорошей учебной работой заслужить бесплатное обучение.

В школе серьезно занима-

лась баскетболом, уверена, что в ПГУ смогу продолжить занятия спортом на более высоком уровне – для этого здесь создана хорошая база.

Хочу стать достойной студенткой ПГУ им.С.Торайғырова!

**Ирина БАБЕНКО,** студентка 1 курса ПГУ, обладательница знака «Алтын белгі»:

### ПГУ: МИРОВОЙ УРОВЕНЬ ОБРАЗОВАНИЯ

Окончив школу, сделала свой выбор в пользу Павлодарского государственного университета имени С.Торайғырова. Почему именно ПГУ? Этот университет – объективно один из лучших в Казахстане. Согласно ежегодному генеральному рейтингу, он входит в пятерку лидеров среди лучших многопрофильных вузов республики. Признан ПГУ и на международном уровне: неоднократно слышала о том, что университет постоянно посещают иностранные лекторы, даже состоялся визит нобелевского лауреата.

